

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 79 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 23 қарашадағы № 153 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 14-тармағына сәйкес, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ құқығына кіретін актілерді жүйелеу мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 29 маусымдағы " Кедендік кіріс ордері туралы" № 79 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 2¹-тармақпен толықтырылсын:

"2¹. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 24 сәуірдегі " Кедендік кіріс ордерінің электрондық түрін ұсыну кезіндегі электрондық өзара іс-қимыл туралы" № 9 ұсынымы осы Шешім күшіне енген күннен бастап қолдануға жатпайды.";

б) 3-тармақа "2022 жылғы 1 ақпан" деген сөздер "2022 жылғы 1 сәуір" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович